Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі
функцияларды жүзеге асыратын
ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін
қызметтерін сатып алу қағидаларына
2-қосымша

**Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен к өрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама**

Азық түлік өнімдерін сатып алу.

(конкурстың атауын көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Төлеби отбасы үлгісіндегі балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орналасқан жері: Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші мамыр ауылы, Д.Қонаев көшесі №73 үй.

БСН: 000440004660.

ЖСК: KZ250705027533509001.

БСК: KKMFKZ2A. ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті ММ.

Байланыс телефондары: тел: 8(72547) 4-13-87, факс: 8(72547) 4-13-38.

Электронды мекен жайы: ded_dom2_toleb @mail.ru.

Пошталық мекен-жайы: Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші мамыр ауылы, Д.Қонаев көшесі №73 үй., индекс: 161111.

(тапсырыс берушінің толық атауын, орналасқан жерін, БСН, банктік деректемелерін, байланыс телефондарын, электрондық және пошталық мекенжайын көрсету).

**1. Жалпы ережелер**

1. Конкурс өнім берушіні таңдау мақсатында өткізіледі «Басқа тауарларды сатып алу (шаруашылық, кеңсе тауарларын және киімдер, спорт тауарлары, киім-кешек, жұмсақ жабдықтар)».

2. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі осы конкурс үшін бөлінген сома 12000000 (Он екі миллион) теңгені құрайды.

Осы Конкурстық құжаттама мыналарды:

Конкурстық құжаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

Конкурстық құжаттамаға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы;

Конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

Конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қамтиды;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) мынадай банк шотында ЖСК: KZ250705027533509001. БСК: KKMFKZ2A. ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті ММ, орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасы (тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының банк шотының толық деректемелері көрсетілсін);

2) банктік кепілдік.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14223 болып тіркелген) Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларының 24-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі құжаттар пакетін 2023 жылдың 03 сәуір сағат 09:00 ден бастап 12 сәуір сағат 09:00 ге дейін мерзімге дейін конкурсты ұйымдастырушының Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Төлеби отбасы үлгісіндегі балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші мамыр ауылы, Д.Қонаев көшесі №73 үй. (конкурсты ұйымдастырушының атауы және мекенжайын көрсету) мекенжайында орналасқан пошталық мекенжайына жібереді немесе комиссияның хатшысына әкімшілік ғимаратының әдіскерлер кабинетіне (кабинет №___) қолма-қол береді.

Әлеуетті өнім беруші құжаттарды конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, парақтары нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен (болған жағдайда) бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгілеген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

**Түркістан облысы «Төлеби отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры** **Ж.Ғ.Лебав**